

## ЖАҚЫП АҚБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ КҮРЕС ТАРИХЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Наурызбаева Т., 1 курс

Ғылыми жетекшісі: Джумалиева Л.Т.

тар.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.,

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

[Lazzat-69@mail.ru](mailto:Lazzat-69@mail.ru)

Астана қ.

Жақып Ақбаев – қазақ елінің мемлекеттігі үшін күрескен қоғам қайраткері, энциклопедиялық білімі бар ғалым, этнограф, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы, «Алашорда» үкіметінің мүшесі, ұлт зиялысы, қазақтың тұңғыш құқық магистрі. Жақып Ақбаев 1876 жылы 25 қазанда Семей облысының Қарқаралы уезіндегі Берікқара болысы, №3 ауылының Төңіректас деген жерінде атақты Ақбай әулетінің дәулетті отбасында дүниеге келген. Қарқаралық Батталғазы ақсақалдың айтуы бойынша Ақбай әулетінің генеалогиялық тізбегі төмендегідей болып келеді: «Ж.Ақбаевтың ұлы атасы - Жарас. Жарастан Киікбай туады. Ал Киікбайдан жеті ұл туған. Олар: Едіге, Естемес, Есқұлы, Байқұлы, Құдабай, Қисықаяқ, Болатқожа болған. Құдабайдан Жандерке туған. Жандеркеден Ақбай, Қызылбай, Сырлыбай туады. Ал Жақып Ақбайдан туған. Ақбайдың үміт еткен үшінші ұлы Жақып 1886 жылы Қарқаралы қаласындағы орыс-қазақ мектебінің қазақ интернатына беріліп, оны бітіргеннен кейін Омбы гимназиясына түсіп, сонан соң Томск гимназиясына ауысады.

Томск гимназиясы берген кәмелеттік аттестатта Жақып Ақбаевтың Омбы гимназиясында жеті жыл және Томск гимназиясында бір жыл оқығаны айтылады. Жақып Ақбаев 1886 жылы Қарқаралы қаласындағы орыс-қазақ мектеп-интернатына оқуға барады. 1889 жылы Омбы гимназиясына, кейін Томск гимназиясына оқуын ауыстырған Ж.Ақбаев 1898 жылы оны бітіреді. Гимназиядан соң ол Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1903 жылы оны алтын медальмен бітіріп, қазақтың тұңғыш «право магистрі» деген атақты иеленеді.

Күрескерлік тұлғасы ерте қалыптаса бастаған Ж.Ақбаев студент кезінен бастап саяси іс-қимылдарға қызу араласып, «Санкт-Петербургские ведомости», «Айқап» журналы мен «Дала уалаяты», «Сарыарқа», «Қазақ» газеттерінде және Омбыдан шығып тұрған «Иртыш», «Степь», «Степной край» газеттеріне азаттық жолындағы мақалаларын жариялайды. Жақып Ақбаев Томск гимназиясын 1898 жылы бітіреді. Ол кезде Томск Ресейдің ірі ағарту орталықтарының бірі ғана емес, сонымен қатар қазақ жастары білім алған қалада болады. Қазан төңкерісіне дейін мұндағы жоғары оқу орындарынан кейін белгілі мемлекет және саяси қайраткерлері, ғалымдар Ысқақ Жақсылықов, Сәлімгерей Нұралыханов, Асылбек Сейітов, Мұратбек Сейітов, Бөжей Мыңғашев, Бейсенбай Тойсарин, Әлімхан Ермеков білім алады [1, Б.89-93].

Томск Жақып Ақбаевты да білім алуын одан әрі жалғастыруына ынталандырады. 1898 жылы Жақып Ақбаев Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне түседі. Ол Ресейдің осындай беделді оқу орнының студенті болған екінші қазақ еді. Ол кезде студенттер саясатпен айналыспауға, қоғамдық ұйымдардың жасырындарына да жарияларына да қатыспауға тиіс болатын. Патша үкіметі зиялыларды саясаттан осылайша аулақ ұстамақшы болады. Бірақ оқу орындары мен қоғам арасына қытай қорғанын орнату мүмкін емес еді. Студенттердің алдыңғы қатарлы топтары білім алумен бірге оқу орнының қабырғасынан тыс жерлерде таралып жатқан демократиялық идеяларды бойына сіңіре береді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы Ресей үшін революциялық қозғалыстың дамыған кезеңі болғаны мәлім болды. Кең-байтақ Ресей халықтарының барлық топтары арасында самодержавиелік құрылысқа наразылық өрістей түсті. Жақып Ақбаев ешқандай ұйымға кірмеуге, қоғамдық қызметпен айналыспауға міндеттеме алып, оны орындауға қаншалықты тырысқанына қарамастан, ол бұл міндеттемені орындамайды. Мұны оған қарсы Семей

губернаторының қозғаған ісі дәлелдейді. Оның өзі Ж.Ақбаевтың ыждағатты да тәртіпті студент қана емес, демократиялық идеяларды жанына жақын қабылдайтын жас болғанын да көрсетеді. Оның үстіне Ж.Ақбаевтың бойында ұлттық демократиялық көзқарастар мен идеялар қалыптасқандығын көруге болады. Талантты жас жігіт оқу басталысымен - ақ оқытушылардың назарын аударып, олар мұның тамаша болашағы бар деп білді. Бұған мынадай мысал да айғақ бола алады.

Магистрлік диссертация жазатын кезде Жақып Ақбаевтың ғылыми жұмысына жетекшілік етуге ректордың өзі, қабілетті студентке жылы қарайтын құқықтанушы профессор А. Х. Гольмстен ықылас білдіреді. Оның ғылыми жетекшілік етуі, ізгілікпен білікті ақыл-кеңес беруі Ж.Ақбаевтың салиқалы да іргелі еңбек жазып шығуына игі ықпал етті. Ол оқуды бітіргеннен кейін Ресейдегі әйгілі ғылыми орталықтардың біріне корреспондент-мүшесі болады. Болашақ заңгерлер университетте де тарих бойынша арнаулы курстарды оқиды. Ж.Ақбаевтың магистрлік диссертациясы тақырыбының құқық пен тарихқа жақындасып жатқандығын да осымен түсіндіруге болады.

Ол дәрістерден және алдыңғы қатарлы профессорлармен тікелей қарым-қатынас жасаудан ол ізгі мақсатқа заңсыз амалдармен қол жеткізу мүмкін емес деген басты қорытынды шығарады. Патша өкіметі мен оның отаршылдық саясатына кәміл сеніммен қарсы болған Жақып Ақбаев сонымен бірге әрқашанда қантөгіс және жай адамдарға қайғы-қасірет әкелетін революциялық зорлық-зомбылықты жақтамайды. Сондықтан ол тіпті ең өткір мәселелерді де өркениетті жолмен, жүйенің кеселдерін ашық сынау, әшкерелеу, құқылық негізде іс-қимыл жасау жолымен шешу мейлінше қолайлы деп санайды.

Озбырлықты көзімен көрген Жақып Ақбаев оларға іс-әрекеттерінің заңсыздығын дәлелдейді. Ал жерлестеріне олардың мұндай талаптарға бағынбауға құқылы екендігін түсіндіреді. Алайда шенеуніктердің Жақып Ақбаев туралы мәліметтерінің ешқандай әсері болған жоқ, мұның өзі университетте орын алған адамшылық ахуалды да, болашағы зор, қабілетті студентке деген көзқарасты да барынша жақсы сипаттайды [2, 18 б].

Жақып Ақбаевтың Семей губерниясының Өскемен уезінен жолданып, бұрынырақ «Санкт-Петербургские новости» газетінде 1901 жылы басылған мақаласы еді. Мақалада 1898 жылы күшіне енгізілген малға салынатын салық жүйесі сөз етілген еді. Сол жүйеге дәлелді талдау жасап, нақты фактілермен қуаттау Жақып Ақбаевтың ол жүйе инспектор-шенеуніктер тарапынан қиянат жасау үшін жол ашып қана қоймай, кедей шаруалардың онсыз да ауыр жағдайын нашарлата түсіп, халықтың тұрмыс деңгейінің едәуір төмендеуіне әкеп соғады деп пайымдауына мүмкіндік береді. Жақып Ақбаев өз халқының мүдделерін студент болып жүрген кезінде-ақ қорғай бастаған. Сол жылдары Петербургте Ж.Ақбаевтың Алашорда бойынша болашақтағы серіктері болған, кейіннен қазақ халқының мақтанышына айналған Әлихан Бөкейханов, Барлыбек Сыртанов, Райымжан Мәрсеков, Тұрлыбек Айдарханов, Жанша Сейдалин, Мұхамеджан Тынышбаев және басқалары оқиды. Университетті алтын медальмен тәмәмдап, қазақ халқынан тұңғыш «право магистрі» деген ғылыми атаққа ие болған Жақып Ақбаев 1903 жылы туған еліне оралады.

1903 жылдың күзінде Ж. Ақбаев Омбы сот палатасына қызметке кіріп, онда палата хатшысы болып істейді. Адвокат болған Ж. Ақбаев әдеттегі шағым жазушы, заң жүзінде өтініш жасаушы болып қалғысы келмейді. Қорғаушы кәсібіне ол жай ғана заңгер-формалист ретінде қараған жоқ, қайта заң бұзылуының бастапқы себебін табуға, нақты тәртіп бұзушыларды, сондай-ақ құқық бұзушылық субъектілері басшылыққа алған жеке дәлелдерді анықтауға ұмтылады. Ол жазған құжаттарға, шағымдарға, өтініштерге жасалған талдау оның патша заңдарын, соның ішінде Дала өлкесін басқаруға қатысты ережелерді терең білетіндігін көрсетеді. Ол қазақ даласының қалай басқарылатынын, әрбір екі-үш жылда өтіп тұратын сайлаулар кезінде қандай ұсақ саяси тартыс тұтанатынын атап көрсеткен болатын. Онда ең басты қатысушы кейіпкерлер уездік лауазымды адамдар, сондай-ақ ауыл старшындары мен болыс қызметіне үміткерлер болып келгенін бала кезінен көріп өскен еді. Ж. Ақбаев өз руластарына билік жүргізуге жан салатын дала байларының періште емес

екенін және топшылдықты, ұсақ саяси тартыстар мен араздықты нақ орыс шенеуніктердің тұтатып қолдап отыратынын көрсетті. Бұл орайда олар екі мақсатты:

1. жеке басының бауы;
2. қазақтардың ұлттық және саяси топтасуына жол бермеу мақсатын көздеді.

Ж. Ақбаевты оны қолдаған серіктері осының бәрін халыққа түсіндіруге тырысты. Ж.Ақбаев өзінің өтініштері мен шағымдарында негізінен шенеуніктердің қиянат жасауы мен парақорлығына назар аударып, сонымен бірге ұсақ партиялық топтардың ұйымдастырылуына нақ солардың себепші болып отырғанын атап көрсетті. Отаршыл шенеуніктер Ж.Ақбаевтың өз қылмыстарына ғанақарсы күресіп жүрмегенін, оның отаршылдық құрылысқа қарсы қоғамдық сананы қалыптастырып жүргенін ұғынды.

Жақып Ақбаевтың 1907 жылдан кейінгі өмірі тек қана жер аударулардан, қылмысты жауапқа тартулардан, қуғындаулар мен жазалаулардан тұрды. 1908 жылдан Жақып Ақбаевтың өмірінде азап пен жоқшылыққа толы кезең басталды. Академик Салық Зиманов Жақып Ақбаевтың сол кезеңдегі қоғамдық-саяси қызметіне былай деп лайықты бағасын береді: «Ж.Ақбаевтың бұл кезеңдегі қызметі, біріншіден, XX ғасырдың басында қазақ қоғамында өмір сүрген озық ойлы қайраткер ғана көтеріле алатын жоғары саты болды.

Екіншіден, оның бұқара арасында жүргізген үгіті жалғыздан-жалғыз іс-қимыл жасап, уақытша табысқа жеткен адамның революциялық жұмысы болды» - дейді. Қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында Ж. Ақбаев, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов жүргізген күрес әдістерінде ортақ нәрсе көп болатын. Олардың бәрі туған өлкесінің тәуелсіздігіне большевиктер сияқты күш қолдану құралдарымен, қантөгіс арқылы емес, заңды, конституциялық жолмен, халықтың ұлттық сана-сезімін ояту жолындағы саяси күрес арқылы жетуді жақтады.

Ж.Ақбаев демонстрацияларға қатысып, митингілерде сөз сөйледі. Ол баспасөз беттерінде әшкерелейтін мақалалар жариялады. Омбы қаласындағы қазақ алаңындағы митингіде әр түрлі революциялық және басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілдері Патша манифесін түрліше бағалады. Социал-демократтар адамдарды патша өкіметіне қарсы қарулы күреске, жаппай ереуіл жасауға шақырды. Осы митингіде Ж. Ақбаев жалынды сөз сөйлейді. Ол революциялық қозғалыстың қысымымен патшаның манифест шығаруға мәжбүр болғаны, саяси күрес майданына тұңғыш рет жұмысшы табының ұйымдасқан түрде шыққаны жайында айтады. Сот өкілінің сөз сөйлеуі адамдардың ой-пиғылына игі ықпал жасады. Сонымен бірге жергілікті әкімшілік Ж. Ақбаевтың саяси белсенділігіне мейлінше теріс көзқараста болады. Алайда Ж. Ақбаев патшаға қарсы әрекетінің өзіне теріс зардаптарын тигізуі мүмкін екенін қорықпай, өмір сүріп отырған тәртіптерге ашық қарсы шыға бастады [3, 42 б].

Ж.Ақбаев жергілікті әкімшіліктің ғана емес, патша самодержавиесінің де жауы болатын. Ол режимге қарсы күресу үшін кез- келген мүмкіндікті пайдаланды. Қоянды-Ботов жәрмеңкесі кезінде 1915 жылдың шілдесінде Жақып Ақбаев қазақтар арасында, жандармдардың мәліметтеріне қарағанда, Ресеймен соғыста Түркияны қолдап насихат жүргізген. Ж. Ақбаевқа қылмыстық заңдар жинағының 129-бабы 1-бөлігінің 1,3-тармақтарында көзделген қылмыстарды істеді деген айып тағылып, 1915 жылғы шілде айында ол қамауға алынады. Іс тергеу жүргізу үшін Қарқаралы уезі 1-учаскесінің бітістіруші судьясына беріліп, ол Ж. Ақбаевқа қылмыстық заңдар жинағы 103-бабының 1-бөлігі бойынша тағы да айып тағылады.

Жақып Ақбаевқа көптеген қазақтар ақыл-кеңес сұрап барады және ол қысым көргендердің мүдделерін қорғады, сондықтан оның жала жабатын жаулары аз емес деп атап айтылған. Ж.Ақбаев орыстарға ұн мен азық-түлік сатылмасын деп саудагерлердің ешқайсысына ешқашан бұйрық берген емес, бұл тек өсек-аяң ғана болды. Қазақтар тыл жұмысына алынған кезден бері Ж.Ақбаев саудагерлерді талай рет аралап шығып, олардан қиын уақытта тылда тонаушылық жасамай, тауарлар мен азық-түліктің бағасын арзандатуды сұраған еді. Патша өкіметі құлағаннан кейін Ж.Ақбаев шабармандар мен стражниктерге ат

бермендер деп қазақтарға бұйырған жоқ, бұл бұрынғы шенеуніктердің шабармандары мен стражниктері таратқан өтірік әңгімесі еді. Жақып Ақбаев неке қатынастарының кейбір түйінді мәселелерін құқылық тұрғыдан қарастырды. Ж. Ақбаевтың патшалық режиміне қарсы жанқиярлық күресіне әділ бағасын бере келіп, қазақ комитеті Ж.Ақбаевты жер аудару немесе тұтқындау туралы қаулының әділетсіз, «жана туған бостандыққа қарсы», құлаған ескі құрылыстың сарқыншағы деп таныды. Ескі уклад шенеуніктерінің бұл шарасына қарсы наразылық білдірді. Комитет бұл туралы телеграф арқылы Ішкі істер, Әділет министрлеріне және Дала әскери комиссары И. Лаптевке, Семей облыстық атқару комитетіне хабарлайтын болып шешті.

Ж. Ақбаев жоғары интеллектуалды, ескі режимнің шірігендігіне көз жеткізген бүлікші, өзінің болуы мүмкін тамаша болашағын езілгендер мен жәбірленгендердің мүдделерін қорғау үшін құрбан еткен ұлы патриот еді. 1917 жылғы шілде айында өткен жалпы қазақтық съезінде Құрылтай жиналысқа депутаттыққа ұсынылады. Содан кейін ол желтоқсандағы съезде Алашорда үкіметінің мүшелігіне өтеді. Азамат соғысы жылдары Колчак және тағы басқа уақытша өкіметтер оны бірнеше рет абақтыға жабады. Ату жазасына кесіп, артынан ол үкімді бұзып, оны Алашорда үкіметінің мүшесі ретінде Алаш ісіне араласу мүмкіншілігінен айырады.

Оның пікірлес достары тобында қазақ зиялыларының аса көрнекті өкілдері - Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және басқа да көптеген адамдар болды. Нақ солар жұмсаған күш-жігері арқасында қазақ даласы ояна бастады, қазақтар арасында демократиялық саяси идеялар таралды және отаршыл патшалық режимге өшпенділік қалыптасты. Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі, саяси серіктері Ахмет Байтұрсынов және Жаһанша Досмұхамедов тағы басқа Алаш ардагерлерімен үндес келеді [4, Б. 37-41].

Ж. Ақбаев қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, соның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, баспасөз бетінде публицистикалық материалдар жариялады. Қазақтың әдет-ғұрып, неке-отбасы мәселелері туралы көптеген еңбектер жазды. 1927 жылы 23 қаңтарда ғылыми конференцияда Жақып Ақбаев географиялық қоғамның мүшесі ретінде қазақтардың шығу тегі туралы көлемді баяндамасын жасайды. Еңбегінде Ж.Ақбаев қазақ мемлекетінің саяси және құқықтық жақтарын көрсетуге тырысып, қазақ мемлекетінің пайда болуы, қалыптасуы, даму және ыдырау тарихын зерттеген. Бұл ғалымның соңғы еңбектерінің бірі еді. Жақып Ақбаевқа қатысты басқа да материалдарды алғаш тауып, жариялаған белгілі ақбаевтанушы-ғалым М.Құл-Мұхаммед, сонымен қоса бұл тақырыпқа белгілі қаламгер, ғалым З.Тайшыбай да байыпты барлау жасаған.

Ол өзінің жеке басының мәселелері көрініс тапқандай болып көрінгенімен, шын мәнісінде, ол құжаттарда патша әкімшілігінің озбырлық, зорлық-зомбылық, зымияндық саясаты, шенеуніктердің парақорлығы, жер мәселесінің ушығуы сияқты мәселелерді көтерген. 1928 жылы Голощекиндік саяси айыптаулардан аулақ болу мақсатында Ж.Ақбаев елден тысқары кетіп, Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болады. Көп ұзамай бұл қызметтен шеттетіліп, сол кездегі Жамбыл облысы, Шу ауданы, Новотроицкое селосына келіп, ғылыми-шығармашылық жұмыспен шұғылданады.

Елден жырақта жүрсе де, 1930 жылы күзде алашордашы болғаны үшін тұтқындалып абақтыға қамалады. Түрмеде бір жарым жыл отырғаннан кейін, 1932 жылы Воронеж облысына бес жылға жер аударылады. Айдауда ауыр азаптан денсаулығы әбден нашарлаған соң, оған рақымшылық жасалады. Осылайша ол мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға емделуге келеді. Алайда ауруы асқынып, 1934 жылы 4 шілдеде қайтыс болады [5, Б. 32 б].

Жақып Ақбаев Қазақстан Жоғарғы сотының 1958 жылғы 28 ақпанындағы шешімімен толық ақталды. Жақып Ақбаев - саяси күрес қазанында қайнап, нәтижесінде халқының арнамысы боларлық дәрежеге көтеріле білген ұлттық интеллигенция өкілдерінің бірі еді. Өзі айтпақшы, оның рухы өлмейді. Қазақ халқы барда, тәуелсіз еліміз тура жолға түсіп, ұлттық ұлы мұраттарымыз алдыңғы қатарға шығып жатқан алмағайып кезеңде ұлтын, елін-жерін сүюдің, соған қалтқысыз қызмет етудің қапысыз үлгісі болып мәңгі жасай береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құл-Мұхамед М. Алаш ардагері Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары. - Алматы, 1996, Б.89-93.
2. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт Петербург іздері. - Алматы: «Таймас», 2013, 18 б.
3. Нұрпейісұлы К. Алаш ақиқаты. – Алматы: Ан-Арыс, 2010, 42 б.
4. Құл-Мұхамед М.»Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. –Алматы: Атамұра, 2000, Б. 37-41.
5. Дүкенбаева З. Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917– 1941). - Алматы: Ғылым, 2003, 32 б.

### ҚАРАҒАНДЫ Өңіріндегі саяси қуғын-сүргін отбасылық тарих негізінде: құжаттар мен естеліктер негізінде тарихи-антропологиялық талдау

Нығметова Ж.Т.

«8D02202 – Тарих» ББ 3 курс докторанты

#### *Кіріспе*

Кеңестік тоталитарлық жүйенің билік құрылымдары жүзеге асырған репрессивтік аппарат ХХ ғасырдың алғашқы жартысында кеңестік Қазақстанның әлеуметтік құрылымын ғана емес, сонымен қатар, оның мәдени-рухани іргетасын шайқалтты. 1937-1938 жылдардағы "Үлкен террор" кезеңінде Қазақстан халқының барлық әлеуметтік страты – ауқатты шаруа қауымы, зиялы қауым, дін өкілдері мен қарапайым еңбекші халық өкілдері – жаппай қуғын-сүргінге ұшырады [1, 6-7]. Атап айтқанда, саяси "қылмыскер" ретінде негізсіз айыпталған жүздеген мың адам қамауға алынып, мыңдағаны ату жазасына кесілді немесе ГУЛАГ жүйесіне жіберілді.

Мақаланың мақсаты – Қарағанды облысының Қу ауданына қатысты архивтік деректер мен ауызша тарих (oral history) үлгілері негізінде кеңестік репрессия саясатының жеке адам тағдырына тигізген трансформациялық ықпалын зерделеу, сондай-ақ саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімдерін тарихи жады кеңістігіне қайта енгізу арқылы тарихи әділеттілікті қалпына келтіру.

#### *Методологиялық негіздер мен дерек көздері*

Зерттеу сапасын арттыру мақсатында құрылымдық-функционалдық және тарихи-антропологиялық әдістер кешені қолданылды. Бұл тәсілдер бір жағынан кеңестік мемлекеттік репрессия институттарының (мысалы, НКВД, «үштік» комиссиялар, аймақтық халық соттары) құрылымдық қызметін талдауға мүмкіндік берсе, екінші жағынан – тұлғалық өмірбаяндарды (life-history) қайта құру арқылы тарихтың микро-деңгейін зерттеуге жол ашады.

Сонымен қатар, зерттеуде ауызша тарих (oral history) әдістері кеңінен қолданылды. Ауызша тарих әдістерін қолдануда ресейлік зерттеуші Щеглова Т.К. әдіснамасы негізге алынды [2]. Ауызша тарих әдістері «сұрау немесе сұхбат алу технологиясы» арқылы тарихи ақпараттарды жинауға және сақтауға кеңінен мүмкіндік береді. Әсіресе, ауызша тарих әдісі «ғылыми биографистиканы» жанрында, өмірбаяндарды жазуда немесе қайта қалпына келтіруде қолданылады [2, 45].

Осы мақаланы жазу барысында «биографиялық тарихты» жазудағы тарихи әдістер де қолданылды. Осы бағыттағы зерттеушілерге тоқталып өтсек, Ресейлік тарихнамадағы тұлғатанудың әдіснамалық мәселелерін қарастырған авторлардың қатарынан Е.В. Тарленің [3], К. Виноградованың [4], Л. Кертманның [5] еңбектерінің маңызы зор. Мысалы, Е.В. Тарле жеке тұлғаның, соның ішінде Наполеонның өмірлік жолын кезең-кезеңмен қарастырып,